



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 3-БӨЛІМ

Құпияға қатысты адам құқығы





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 3-бөлім

Дәріс: Құпияға қатысты адам құқығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Қазіргі уақытта дүниежүзінің барлық мемлекеттері өздерінің конституцияларында жеке өмірге құқықты толық таныған. Кем дегенде бұл құқық тұрғын үйге қолсұғылмаушылық және байланыс құпиясын қамтиды. Кейбір жаңа конституцияларда, мысалы оңтүстік американдық елдер мен венгер мемлекетінің ата заңдарында дербес деректерлерге рұқсат құқығы туралы тікелей ескертулер бар. Бұл құқықтың басты кепілдігі болып, жеке және отбасылық өмірге тек қана соттың санкциясымен араласуға болатындығы табылады. Керісінше, бірқатар елдердің конституцияларында жеке өмірге құқық туралы тікелей көрсетілмейді (мысалы, АҚШ, Ирландия, Индия және т.б.) және де соттар жеке өмірмен байланысты мәселелерді қарау барысында басқадай заң актілеріне сүйенеді. Ал кейбір елдердің ұлттық заңнамалары тікелей Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерімен толықтырылып отыр.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы 18-бапта көрініс тапқан. Осыған сәйкес, «әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар». Талданып жатқан бұл табиғи немесе жаратылысынан берілетін құқық өзінің құрылымы бойынша өзара байланысты екі құқықтан құралады. Біріншісінің қызметі жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қорғауды жүзеге асыру, ал екіншісінікі – жеке өмір құпиясы. Бұлардың әрқайсысы ішкі түрлік бөлімдерден тұрады. Осылайша, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қорғаумен байланысты құқықтардың қатарына тұрғын үйге қолсұғылмаушылық, жеке байланыс құралдарына, жеке іс-құжаттарына, индивидтің сыртқы кейіпіне байланысты (әдебиеттерде өз бейнесіне құқық атауына ие болған?) құқық жатады. Екінші топтағы құқықтылықтың қатарына дәрігерлік құпияны, бала асырап алу құпиясын, адвокаттық құпияны, жинақ кассалары операциялары құпиясын, нотариалдық әрекет құпияларын, заң органдары қызметінің құпиясын (жеке өмір туралы ақпаратқа байланысты бөлігінде) қорғау бойынша құқықтарды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасы 2014 жылғы Қылмыстық кодекстің 147-бабы қылмыстық қолсұғушылықтан адамның жеке өмірінің барлығын емес, тек адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді қорғайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құпия» сөзі «кез келген адамға айтылмайтын жасырын сыр» деп түсіндіріледі. Егер де адамның жеке және отбасылық өмірі жайлы ақпарат қандай да бір себептерге байланысты белгісіз адамдарға мәлім болса немесе жарияланса онда мұндай мәліметтер құпия бола алмайды және оларды жинағаны немесе жарияланғаны үшін жауапкершілік туындамауы керек.

Жеке құпия – бұл адамның көпшілік алдындағы, қызметтік жұмысын сипаттайтын мәліметтерді қоспағанда өзге де адамдардан құпияда сақталатын бір адамға ғана қатысты мәлімет. Жеке құпияға келесідей мәліметтерді жатқызуға болады: дербес деректер, достық және сырлас қарым-қатынастар, сексуалдық бағыты, діни және атеистік көзқарастары мен нанымдары, мүлктік жағдайы, табыс көздері, тұрғылықты жері, әуесқойлығы, құмарлығы, сырқаттары (оның ішінде әлеуметтік қауіптілері – ЖКҚ инфекциясы, соз аурулары, туберкулез және т.б.), бос уақытын өткізуі және тағы да сол сияқты мәліметтер. Ал адамның құқыққа қарсы іс-әрекеттері туралы мәліметтері (мысалы, қылмыс немесе әкімшілік теріс қылық жасауы) оның жеке құпиясын құрамайды және олардың жариялануы (мысалы, құқық қорғау органдарына хабарлау) қоғамға қауіпті әрекет ретінде емес, керісінше қоғамға пайдалы әрекет ретінде танылуы тиіс, себебі заң қылмысты хабарлау міндетін Қылмыстық кодексте көрсеткен.

Қазіргі уақытта, «құпия» ұғымымен қатар арнайы әдебиеттер мен отандық заң нормаларында «конфиденциалдық ақпарат» ұғымы қатар қолданылып жүр. «Тұтастық пен конфиденциалдықты бұзу» сөз тіркесі информациялық жүйе қауіпсіздігі мәселелерін қарастырғанда кеңінен қолданылады. Мұнда тұтастық туралы айтыла келе, мәліметтерді бұзу мен өзгертуден қорғау жайлы тұспалданады. Жалпы «конфиденциалдық» ұғымы адамның өздеріне қатысы жоқ ақпаратты қолдану мүмкіндігіне жол бермеу деп түсіндіріледі. Арнайы әдебиеттерден кейін орыс тіліндегі заңдарда да «тайна» (құпия) ұғымымен қатар «конфиденциальность» (құпиялық) ұғымының қатар қолданылуы біздің көзқарасымыз бойынша дәлелді болып табылады. Мысал ретінде орыс тілінде құралған шетел сөздерінің қазіргі сөздігіне жүгінетін болсақ аталған ұғымды (латын тілінен confidensio – сенім) «сенімді, жариялануға жатпайтын, құпия» деп түсіндіреді.

Дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер деп көрсетілген. Яғни мұндағы дербес деректер субъектісі деп отырғанымыз, ол дербес деректер тиесілі жеке тұлға. Жеке тұлғаға қатысты мәліметтерге көбінесе оның тегі, есімі, әкесінің аты, туылған жылы, айы, күні және туылған жері, тұрғылықты мекенжайы, отбасылық, әлеуметтік, мүлктік жағдайы, білімі,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 3-бөлім

Дәріс: Құпияға қатысты адам құқығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

кәсібі, кірістері және т.б осы сияқты мәліметтер жатады. Осыған байланысты аталған заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Отбасы құпиясы – араларындағы қарым-қатынастар жайлы ақпаратты ұсынатын, тасымалдаушысы бір отбасының мүшелері болып табылатын құпиялар тобы. Қазақстан Республикасының азаматтық заңынамаасы отбасы құпиясын жеке мүліктік емес құқықтар қатарына жатқызады. Қолданыстағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсанындағы Кодексі отбасы түсінігін – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы деп анықтайды.

Осылайша, отбасы құпиясының тасымалдаушысы ретінде тек ерлі-зайыптылар, ата-аналары және балалары ғана емес, өзге де олармен бірге тұратын адамдар болуы мүмкін. Мысалы, отбасының өзге де мүшелерімен қан тектестігі жоқ асырап алушылары да болуы мүмкін.

Мәліметтерді жинау – ақпараттарды іздеу мен оларды алуға бағытталған белсенді әрекеттер. Яғни Қылмыстық кодекстің 147-бабының 1-бөлігі бойынша жауаптылық адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді заңсыз жинауға ны үшін пайда болады. Қылмыстық кодекстің 147-бабында тек бір ғана заңсыз жинау жайлы, ол мәліметтерді адамның келісімінсіз заңсыз жинау көрсетілген. Алайда, қолданыстағы заңнама адамның келісімінсіз ол жайлы мәліметтерді заңды жинаудың жолы жайлы да ескертеді (мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және Қазақстан Республикасы Жедел-іздістіру қызметі туралы заңына сәйкес). Осылайша, мұндай әрекеттер егер: оның жеке өмірі туралы мәліметтер адамның келісімінсіз жиналса, мұндай мәліметтерді жинау заңмен көзделмеген болса, мұндай мәліметтерді жинауға заңмен кепілдік берілген жағдайда, егер ол белгілінен тәртіпті бұзу жолымен жүзеге асырылса, онда заңсыз болып табылады.

Адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді жинауға бағытталаған әрекеттер қолында қажетті ақпараты бар адамдардан сұрап алу, жасырын бақылау және жасырын тыңдау жүргізу, суретке түсіру, видео және киноға түсіру; дыбыс жазба, құжаттармен танысу, пошталық және электрондық хаттар, өзге де хабарламалар, олардың көшірмесін жасау арқылы жасалуы мүмкін.

Адамның өзімен әңгімелесу кезінде ақпарат алу, егер жеке өмірі туралы мәліметтер адамның өз еркімен баяндалса, оны ол туралы заңсыз мәлімет жинау деп атауға болмайды. Ал егер аталған мәліметтер қорқыту, алдау, физикалық күш қолдану арқылы алынған жағдайда, онда оны заңсыз жиналған мәліметтер деп қарастырып, Қылмыстық кодекстің 147-бабымен қоса және оған негіз болған жағдайда, жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобындағы қылмыстардың жиынтығы бойынша саралауға болады.

Жеке адамдардың хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар алу жолымен адамның жеке өмірі туралы ақпарат жинауы Қылмыстық кодекстің 147-бабы мен 148-бабында қарастырылған қылмыстар түрінің жиынтығын құрайды. Ақпаратты жинау тәсілі Қылмыстық кодекстің 147-бабының саралаушы белгісі болып табылады, сондықтан Қылмыстық кодекстің 148-бабы бойынша қосымша саралауды қажет етеді.

Егер адамның жеке өмірі туралы мәліметтер қажетті ақпараттарды құрайтын құжаттарды жымқыру, заңсыз алып қою негізінде жиналып, яғни бұл құжаттар қасақана және тұлғаның жеке өзге де мүддесіне байланысты ұрланатын болса (мысалы, анықтамалар, куәлік, медициналық, банктік құжаттар және сол сияқты) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы мен 384-бабында қарастырылған қылмыстардың жиынтығын құрайды. Сондай-ақ жеке адам туралы мәліметтерді жинау кезінде жасырын бақылау немесе жасырын тыңдау жүргізу арқылы арнайы техникалық құралдар пайдалануы мүмкін. Егер адаммен арнайы техникалық құралдарды қондыру, тұрғын үйге қол сұғу арқылы жүзеге асырылатын болса, онда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149-бабы бойынша қосымша саралауды талап етеді.

Мұндағы ескеретін жағдай, адамның жеке өмірі жайлы ақпараттарды интернет-ресурстарда орналастыруды, мәліметтерді жариялау деп тануға болады. Себебі «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-бабының 7-тармағына сәйкес интернет-ресурстар бұқаралық ақпарат құралдарына жатады.

Сондай-ақ «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашасындағы Заңының 15-бабының 2-бөлігінің 3-тармағына сәйкес азаматтардың құқықтарын іске асыру рәсімдерінде



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 3-бөлім

Дәріс: Құпияға қатысты адам құқығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиялары туралы мәліметтерді олардың келісімінсіз жария ету мүмкіндігіне жол берілмеуге тиіс екендігі бекітілген.

Қылмыстық әрекеттің тағы бір түрі ретінде Қылмыстық кодекстің 147-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді көпшілік алдында сөйлеген сөзде, көпшілікке көрсетілетін шығармада, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып тарату табылады. Мұндағы ескеретін жағдай, адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз көпшілік алдында сөйлеген сөзде, көпшілікке көрсетілетін шығармада, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып таратудың қоғамдық қауіптілігі жоғары болып келетіндігінде. Себебі, қажетсіз жеке ақпарат көпшіліктің игілігіне айналады. Мәліметтерді заңсыз таратудың аталған тәсілдері, біздің көзқарасымыз бойынша саралаушы және ерекше саралаушы белгілері бар қылмыс құрамына жатқызу орынды болып табылады.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу жиналыстарда, митингілерде, конференцияларда, семинарларда, шығармашылық кештерде және т.б. жағдайда көпшілікке ақпаратты жеткізу деп түсінуге болады.

Ал көпшілікке көрсетілетін шығарма деп, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді құрайтын кино-видеофильмдерді, фото жұмыстардың, әдеби шығармалардың көрмесін жатқызуға болады.

Адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді заңсыз жинау мен таратудың негізінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру, қарастырылып отырған қылмыс түрінің міндетті белгілерінің бірі болып табылады. Яғни, егер жеке өмір туралы мәліметтер бір немесе белгілі бір адамдар тобына (оның ішінде БАҚ арқылы) таратылатын болса, онда бұл қылмыс аяқталған болып саналады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 147-бабын жала жабудан ажырату өте маңызды (ҚР ҚК 130-бабы). Жала жабу – бұл басқа тұлғаның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130-бабынан 147-бабының айырмашылығы мұнда адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы нақты мәліметтерді таратқандығы үшін жауаптылық көзделген. Егер де жеке өмір туралы нақты мәліметтермен қоса, адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін жалған мәліметтер таратылатын болса, мұндай қылмыстық әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130-бабымен және 147-бабында қарастырылған қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануы керек.

Тағы бір ескере кететін жағдай, Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 84-1-бабында Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу бойынша дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеуге байланысты жауаптылық көзделген. Жоғарыда айтып кеткендей, дербес деректер болып азаматтың жеке өмірі туралы мәліметтер табылады, яғни мұндай мәліметтер оның жеке құпиясын құрайды. Осыған байланысты дербес деректерді заңсыз жинаған немесе өңдеген жағдайда әкімшілік теріс қылықты қылмыстық әрекеттен қалай ажыратуға болады деген сауал туындайды.

Жоғарыда аталып кеткендей, қылмыстық заң аталған баптың 1-бөлігінің объективтік жағының міндетті белгісі ретінде заң шығарушы адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруді қарастырады. Осының негізінде қылмыс құрамын формальды-материалды деп тануымыз қажет. Зиян немесе арнайы әдебиеттерде көрсетілетіндей қоғамға қауіпті салдар дегеніміз – бұл қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіндегі жағымсыз өзгерістер. Басқаша айтқанда, қылмыс объектісі келтірілген нақты залал.